

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының м.а.



Е. Мұратов

2020 жыл

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің облыстық аумақтық инспекцияларының және ведомстволық бағынысты ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Осы Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелері, ведомстволық бағынысты ұйымдарымен қолданылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – Комитет), Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің облыстық аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – Инспекциялар) мен ведомстволық бағынысты ұйымдары (бұдан әрі - Ведомстволық бағынысты ұйымдар) қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру және орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі саласындағы өкілеттіктерді орындау кезіндегі олардың іс-әрекеттерін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және болдырмау, Комитет, аумақтық бөлімшелері және ведомстволық бағынысты ұйымдарының құзыреті салаларында құқықтық сауаттылықты және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері: Комитет, Инспекциялар және Ведомстволық бағынысты ұйымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы орнықты мінез-құлқын қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарларын болдырмау; Комитет, Инспекциялар және Ведомстволық бағынысты ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

- 1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Комитет, Инспекциялар және Ведомстволық бағынысты ұйымдар қызметінде функцияларды жүзеге асыру мен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде қолданылады;
- 1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Комитеттің, Инспекциялардың және Ведомстволық бағынысты ұйымдардың барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті;
- 1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты тиісінше орындамағаны үшін Комитеттің, Инспекциялардың және Ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары дербес жауапкершілікте болады.
- 1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу заңнамаға сәйкес жүргізіледі.
- 1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Комитет, Инспекциялар және Ведомстволық бағынысты ұйымдар қызметкерлерінің белгіленген талаптарды бұлжытпай сақтауға және қызмет саласына байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.
- 1.6. Комитет, Инспекциялар және Ведомстволық бағынысты ұйымдар қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау әдеп жөніндегі уәкілге және басқармалар мен Инспекциялар басшыларына жүктеледі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде Комитет пен Инспекциялар, Ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдары мен кодекстерін, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Министрдің, Жауапты хатшының, Комитет төрағасының бұйрықтарын, сондай-ақ Комитет, Инспекциялар және Ведомстволық бағынысты ұйымдар Ережесін басшылыққа алуға;

2. Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
3. адал, әділ, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, сыпайылық және әдептілік танытуға;
4. лауазымдық міндеттеріне кіретін шешімдер қабылдау кезінде өз міндеттерін орындауға байланысты материалдық игіліктерді, қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;
5. жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;
6. өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін пайдалануға;
7. жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбауға;
8. шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;
9. заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеуге;
10. мемлекеттік органда еңбек заңнамасының және Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын, еңбек режимі мен жағдайларының, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз етуге;
11. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;
12. өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға;
13. заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеуге міндетті.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету және өзге де рұқсат беру функцияларын орындау кезінде Комитет пен Инспекциялар, Ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері:

1. мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдауға;
2. заңнамаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушыларға толық және дұрыс ақпарат беруге;
3. заңнамада көзделмеген құжаттарды талап етуге, мемлекеттік қызметтер көрсету және өзге де рұқсат беру функцияларын орындау барысында қандай да болмасын әуре-сарсаңға салуға (төрешілдікке) жол бермеуге;

4. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру кезінде басшылыққа баяндауға;
5. мемлекеттік қызмет көрсету процесінің тұрақты жетілдірілуін, үнемділігін және тиімділігін қамтамасыз етуге;
6. заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеуге тиіс.

4. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Комитет пен Инспекциялар, Ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері:

1. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын және 2015 жылғы 11 желтоқсандағы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын басшылыққа алуға;
2. Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсауға;
3. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге;
4. Мемлекеттік сатып алу үрдісінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етуге;
5. сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге;
6. атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілгендердің әлеуетті өнім беруші ретінде және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушы) қатысуына жол бермеуге тиіс.

5. Басқарушылық және өзге де шешімдер дайындау және қабылдау кезінде Комитет пен Инспекциялар, Ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері өздерінің құзыреті шеңберінде:

1. мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жеке мүдделілік жайында, сыбайлас жемқорлық әрекет жасауға және сыйлықтар алуға тарту жайында тікелей басшыға баяндауға;
2. жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбауға;
3. әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүлктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтен тыс қызмет көрсетпеуге;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;

5. басшылыққа және 1424 сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша сенім номеріне өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық фактілері жайында, сондай-ақ материалдарды жедел қарау үшін қандай да бір пайда табуға тарту жайында дереу баяндауға;
6. орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән келтірілгені жайында тікелей басшыға дереу жазбаша түрде хабарлауға;
7. тікелей басшысы мүдделер қақтығысына өзі тартылған жағдайда жоғары тұрған басшылыққа жүгінуге;
8. заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеуге тиіс.

6. Іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде Комитет, Инспекциялар және Ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері:

1. жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандығы мен заңды мүдделері сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етсін, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде қарасын, олар бойынша қажетті шаралар қабылдасын;
2. мүдделер қақтығысына жол бермесін, олар туындаған кезде заңнамаға сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдасын;
3. меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етсін, кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілу белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермесін, конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде заңда көзделмеген басымдылыққа (тамыр-таныстық, отбасылық) жол бермесін, жеке қатынастар қызметін жоғарлату, көтермелеу немесе жазалау, кадрлық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін негізгі болмауға тиіс;
4. дербес деректерді өңдеу кезінде ақпарат пен материалдарды үшінші тарапқа бермесін;
5. мемлекеттік органның жұмыс істеуіне кедергі келтіретін немесе оның тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұрсын;
6. іскерлік әдеп пен ресми тәртіп қағидаларын сақтасын.

7. Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы стратегиялық, іске асыру және бақылау функцияларын орындау кезінде Комитет, Инспекциялар және Ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері:

1. инспекциялық-бақылау қызметінің сапасын арттыру жөнінде тұрақты түрде шаралар қабылдап отыратын болсын;

2. инспекциялық-бақылау қызметі барысында заңнамада көзделмеген құжаттардың талап етілуіне, қандай да болмасын әуре-сарсаңға салушылыққа (төрешілдікке) жол бермесін;
3. жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен шағымдар мен өтініштерді уақытылы және сапалы қарастырып, оларды тіркеп, заңмен белгіленген уақытында дәлелді жауап қайтарсын;
4. бақылау іс-шараларын жүргізу және шешім қабылдауды көздейтін өзге де іс-әрекеттер жасау кезінде мәселелерді объективті түрде және тек қана заңнамаға сәйкес қарасын;
5. өздері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға тартылған жағдайда бұл жайында басшылыққа баяндасын;
6. мүдделер қақтығысына жол бермесін, олар туындаған кезде оларды жою жөнінде заңнамаға сәйкес шаралар қабылдасын;
7. заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауына жол бермесін.

«Утверждаю»

Комитет лесного хозяйства и животного
мира Министерства экологии, геологии
и природных ресурсов Республики
Казахстан



Е.Муратов

от «16» 2020 года

**Антикоррупционный стандарт
Комитета лесного хозяйства и животного мира, областных
территориальных инспекции и подведомственных организаций
Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии,
геологии и природных ресурсов Республики Казахстан**

1. Настоящий антикоррупционный стандарт Комитета лесного хозяйства и животного мира (далее - Антикоррупционный стандарт) разработан в соответствии со статьей 10 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции» и применяется территориальными подразделениями, подведомственными организациями Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК.

Антикоррупционный стандарт определяет действия работников Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства Экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее - Комитет) и его областных территориальных инспекции (далее – Инспекции) и подведомственных организаций (далее – подведомственные организаций) Комитета при осуществлении ими своих должностных обязанностей и исполнении полномочий в области лесного хозяйства и животного мира.

Целью Антикоррупционного стандарта является недопущение коррупционных проявлений, снижение и предотвращение коррупционных рисков, повышение правовой грамотности и нулевой терпимости к проявлениям коррупции в сферах компетенции Комитета, Инспекции и подведомственных организаций.

Задачами Антикоррупционного стандарта является: формирование устойчивого антикоррупционного поведения работников Комитета, Инспекции и подведомственных организаций; своевременное выявление коррупционных проявлений и предотвращение их негативных последствий; повышение эффективности деятельности Комитета, Инспекции и подведомственных организаций.

1. Применение и исполнение Антикоррупционного стандарта:

- 1.1. антикоррупционный стандарт применяется в деятельности Комитета, Инспекции и подведомственных организаций при осуществлении функций и реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц;
- 1.2. антикоррупционный стандарт обязателен для исполнения всеми работниками Комитета, Инспекции и подведомственных организаций;
- 1.3. за ненадлежащее исполнение Антикоррупционного стандарта персональную ответственность несут руководители Комитета, Инспекции и подведомственных организаций.
- 1.4. внесение изменений и дополнений в Антикоррупционный стандарт производится в соответствии с законодательством.
- 1.5. антикоррупционный стандарт определяет действия и решения работников Комитета, Инспекции и подведомственных организаций, направленные на неукоснительное соблюдение установленных требований и предотвращение коррупционных проявлений в зависимости от сферы деятельности.
- 1.6. контроль за соблюдением работниками Комитета, Инспекции и подведомственных организаций Антикоррупционного стандарта возлагается на уполномоченного по этике и руководителей управлений, руководителей Инспекции и подведомственных организаций.

2. При реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере, затрагиваемой Антикоррупционным стандартом работники Комитета, Инспекции и подведомственных организаций обязаны:

1. руководствоваться Конституцией, законами и кодексами Республики Казахстан, актами Президента, Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, приказами Министра, Ответственного секретаря, Председателя Комитета, а также положением Комитета, Инспекции и подведомственных организаций;
2. способствовать укреплению единства народа Казахстана и межнационального согласия в стране, уважительно относиться к государственному и другим языкам, традициям и обычаям народа Казахстана;
3. быть честным, справедливым, скромным, соблюдать общепринятые морально-этические нормы в обращении с физическими лицами, представителями юридических лиц и коллегами, проявлять вежливость и корректность;
4. не принимать материальных благ, услуг и иных привилегий, связанных с выполнением своих обязанностей при принятии решений, входящих в должностные обязанности;
5. обеспечивать прозрачность принятия решений, затрагивающих права и законные интересы физических и юридических лиц;

6. не давать повода для критики со стороны общества своими действиями и поведением, не допускать преследования за критику, использовать конструктивную критику для устранения недостатков и улучшения своей деятельности;
7. не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность государственных органов, организаций, государственных служащих и иных лиц при решении вопросов личного характера;
8. не распространять сведения не соответствующие действительности;
9. не допускать совершения проступков и иных правонарушений, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность;
10. обеспечить исполнение в государственном органе трудового законодательства и законодательства о государственной службе, соблюдение режима и условий труда, а также ограничений, связанных с пребыванием на государственной службе.
11. соблюдать установленные законами Республики Казахстан ограничения и запреты;
12. осуществлять полномочия в пределах предоставленных им прав и в соответствии с должностными обязанностями;
13. не допускать совершения проступков и иных правонарушений, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность.

3. При оказании государственных услуг и иных разрешительных функций работники Комитета, Инспекции и подведомственных организаций должны:

1. принимать меры по повышению качества оказания государственных услуг на постоянной основе;
2. предоставлять полную и достоверную информацию услугополучателям в соответствии с законодательством;
3. не допускать истребования не предусмотренных законодательством документов, всяческой волокиты (бюрократии) в ходе оказания государственных услуг и иных разрешительных функций;
4. докладывать руководству при склонении их к совершению коррупционного правонарушения;
5. обеспечивать постоянное совершенствование, экономичность и эффективность процесса оказания государственных услуг.
6. не допускать совершения проступков и иных правонарушений, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность.

4. При осуществлении государственных закупок работники Комитета, Инспекции и подведомственных организаций должны:

1. Руководствоваться нормами Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» от 4 декабря 2015 года и Правилами осуществления государственных закупок от 11.12.2015 года;
2. расходовать денежные средства, используемые для государственных закупок оптимально и эффективно;
3. предоставлять потенциальным поставщикам равные возможности для участия в процедуре проведения государственных закупок, кроме случаев, предусмотренных Законом Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках»;
4. обеспечивать открытость и прозрачность процесса государственных закупок;
5. не допускать коррупционных проявлений;
6. не допускать участие в качестве потенциального поставщика и (или) привлекаемого им субподрядчика (соисполнителя), имеющих неисполненные обязательства по исполнительным документам и включенных в Единый реестр должников.

5. При подготовке и принятии управленческих и иных решений в рамках своей компетенции работники Комитета, Инспекции и подведомственных организаций должны:

1. докладывать непосредственному руководителю о возникновении конфликта интересов, личной заинтересованности при исполнении служебных обязанностей, о склонении к коррупционному поведению и получению подарков;
2. не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность государственных органов, организаций, государственных служащих и иных лиц при решении вопросов личного характера;
3. не дарить коллегам, руководителям и иным должностным лицам подарки и не оказывать неслужебные услуги для получения с использованием должностных полномочий имущественной выгоды, блага либо преимущества;
4. проявлять активность в противодействии коррупции, раскрытии коррупционных правонарушений;
5. докладывать руководству и сообщить в телефон доверия о фактах коррупции по номеру 1424, о ставших им известными фактах коррупции, а также о склонении к получению какой-либо выгоды за ускоренное рассмотрение материалов незамедлительно;
6. сообщать непосредственному руководителю о сомнениях в правомерности полученного для исполнения распоряжения незамедлительно в письменной форме;

7. обращаться к вышестоящему руководству, если непосредственный руководитель сам вовлечен в конфликт интересов;
8. не допускать совершения проступков и иных правонарушений, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность.

6. При организации кадровой работы по подбору и расстановке работники Комитета, Инспекции и подведомственных организаций:

1. обеспечить соблюдение и защиту прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц, рассматривать в порядке и сроки, установленные законодательством, обращения физических и юридических лиц, принимать по ним необходимые меры;
2. не допускать конфликта интересов, при их возникновении принимать меры по их устранению в соответствии законодательством;
3. обеспечивать соблюдение принципов меритократии, не допускать случаев подбора и расстановки кадров по признакам родства, землячества и личной преданности, не предоставлять не предусмотренные законом преимущества (протекционизм, семейственность) при проведении конкурсных процедур, личные отношения не должны являться основной для продвижения по службе, поощрения или наказания, решения кадровых и социальных вопросов;
4. не передавать третьей стороне информацию и материалы при обработке персональных данных;
5. противостоять действиям препятствующим или снижающим эффективность функционирования государственного органа;
6. соблюдать деловой этикет и правила официального поведения.

7. При выполнении стратегических, реализационных и контрольных функций в области лесного хозяйства, охраны, воспроизводства и использования животного мира и особо охраняемых природных территорий сотрудники Комитета, Инспекции и подведомственных организаций:

1. принимать меры по повышению качества контрольно-инспекционной деятельности на постоянной основе;
2. не допускать истребования не предусмотренных законодательством документов, всяческой волокиты (бюрократии) в ходе контрольно-инспекционной деятельности;
3. своевременно и качественно рассматривать жалобы и обращения от физических и юридических лиц, а также их регистрировать и предоставлять установленные законом сроки мотивированный ответ.

4. рассматривать вопросы объективно и исключительно в соответствии с законодательством при проведении контрольных мероприятий и иных действий, предусматривающих принятие решения;
5. докладывать руководству при склонении их к совершению коррупционного правонарушения;
6. не допускать конфликта интересов, при их возникновении принимать меры по их устранению в соответствии законодательством;
7. не допускать совершения проступков и иных правонарушений, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность.